Тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды:

Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаты, ашық сабақ өтілді.

«Оқуға құштар мектеп» республикалық жоба аясында І. Есенберлиннің 1966 жылы жазылған «Айқас» романына - 55 жыл толуына орай мектеп кітапханасында дөңгелек үстел өткізілді. Романның мазмұны баяндалып, кеңінен талқыланды.

Мектебімізде Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында тілдер мерекесіне орай Ахмет Байтұрсынұлы «Тілім менің - тірегімнің айғағы» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы Қ.Ш.Сүйінғалиева мен аудандық білім бөлімінің әдіскері Т.Т.Шүйішбаева қатысты.

Мемлекет басшысының «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауын талқылау мақсатында тарих пәнінің мұғалімдері А.Ауданова мен А.Тныштыковтың ұйымдастырумен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге 11-класс оқушылары қатысып, жолдаудың өздеріне ұнаған тұстарын ортаға салып, бөлісті.

Мектебімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Денсаулық фестивалі-2021» өткізілді. Шараның мақсаты салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды спортпен айналысуға шақыру.

Отбасы - адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Отбасы туралы білім беру, отбасы мүшелерін сыйлауға, ата - ананы құрметтеуге, қамқор болуға, әр адамның отбасында орны болатынын түсінуге тәрбиелеу мақсатында мектеп психологтары «Менің отбасым» атты тақырыпта 6-класс оқушыларымен тренинг өткізді. Сонымен қатар, отбасы күніне орай «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында мектеп дәлізінде сурет көрмесі өтті. Көрмеге 1-9 класс оқушыларының салған суреттері ілінді. «Ең үздік сурет» номинациясы бойынша оқушылар марапатталып сыйлықтар берілді.

I орын: Темірбаева Гүлбану 7 «Ә» класс

II орын: Аманжолов Ерсұлтан 3 «Ә» класс

III орын: Хуыр Алихан 1 «А» класс оқушысы марапатталды.

Біз біргеміз «Таза Алем» экологиялық жобасы аясында №4 Мәртөк ЖОББ мектебінің «Шын жүректен» волонтер тобы «Плоггинг» марафонын өткізді.

Қарттар күніне орай №4 Мәртөк орта мектебінің волонтерлары жалғызбасты қарт азаматтарға көмек ұйымдастырды. Іс - шараның мақсаты: қарт адамдардың мәселесіне назар аудару, қоғамдық пайдалы іс - шараларға қатысу арқылы жастар арасында әлеуметтік белсенді азаматтық позицияны қалыптастыру. Волонтерлар зейнеткерлердің аулаларын абаттандырып, қыс мерзіміне дайындалуға көмектесті.

Мектебіміздің ұстаздар қауымы білім беру саласында аянбай еңбек етіп, шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берген, мектебімізде талай жыл қызмет жасаған ардагер ұстаздарымыз Шудабаев Қыдырбай Шудабайұлы, Таумышев Еркінғали Керейұлын төл мерекесімен құттықтады.

1- қазан күні мектебімізде Ұстаздар мерекесіне орай акт залында мерекелік концерт өтті. Оқу ордамыздың оқушылары сүйікті ұстаздарына арнап өлең оқып, әсем ән айтып, мың бұрала билеп мереке ұйымдастырды. Мектеп директоры М.Айтназаров әріптестерін кәсіби төл мерекелерімен құттықтап, жаңа оқу жылында шығармашылық табыстар тілеп оқу жылында жетістіктерімен көзге түскен ұстаздар алғыс хатымен марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында орталық балалар кітапхана кітапханашылармен бірлесіп мектеп интернат тәрбиеленушілер арасында «Балалар әдебиеті - ұрпақ тәрбиесінің талбесігі» атты әдеби-поэзиялық көркем әдебиет сағаты өткізілді.

Шараның мақсаты: балалар жазушыларының өнегелі өмірімен таныстыру, жазушылардың даналығын, асыл мұраларын насихаттау, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Жас сарбаз" атты әскери сайыс-патриоттық сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың мақсаты: оқушыларды әскери патриоттық тәрбиелеу, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Сайыс нәтижесінде

I орын "Бүркіт" командасы,

II орын "Арлан" командасы,

III орын "Жас сарбаз" командасы иеленді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде орталық балалар кітапхана кітапханашылармен бірлесіп 8-11 класс оқушылар арасында Саин Мұратбековтың 85жылдығына арналған "Сайын даланың сұңғыла суреттер" әдеби көркем танымдық сағат ұйымдастырылды.

«Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру» атты балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалану және шығармашылық қасиеттерін дамыту, сурет салуға деген қызығушылықтарын ояту мақсатында Қ.Медетов атындағы өнер мектебінің ұстазы Адайбек Абдакиев оқушыларға "Күз бояулары" тақырыбында сурет салудан шебер класс өткізді.

Мектебіміздің педагог-ұйымдастырушысы Бағдат Бахытжанов 5-8 класс ер балаларын ат спорты кешеніне апарды. Біріншіден, атқа мінудің денсаулыққа пайдасы зор болса, екіншіден, рухани жаңғырудың озық үлгісі іспетті.

Мәртөк ауданы ПБ 1 әкімшілік аумаққа бекітілген участкелік полиция инспекторы полиция капитаны Б.Ж.Сисенбай №4 Мәртөк ЖОББ мектебі оқушыларымен 2021 жылдың қараша айының 08-17 күндері өтіп жатырған "Қауіпсіз жол" жедел профилактикалық іс-шарасы аясында мектеп оқушыларына жолда жүру ережелерін сақтау және түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай мектебімізде "Біріңғай "Жас Ұлан" және "Жас Қыран" балалар және жасөспірімдер ұйымына" 2-ші және 5-ші класс оқушыларын салтанатты қабылдау рәсімі өткізілді.

Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым» концерттік бағдарлама, барлық сыныптарды тақырып аясында тәрбие сағаттары өтті.

Қаңтар айында мектебімізде "NOMAD" дебат клубының кезекті отырысы өтті. Клубқа жаңадан қосылған оқушыларға клуб ережесі түсіндірілді. Клуб жетекшісі мен мүшелері елдегі, әлемдегі, ғылымдағы соңғы жаңалықтарды талқылады. Сонымен қатар, клуб мүшелері 2022 жылдың жоспарына өз идеяларын қосты.

Аудан аумағында жүргізушілер арасында жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылдың 2-6 ақпан аралығында "Жаяу жүргінші" жедел профилактикалық іс шарасы өткізілуде. Іс-шара аясында Мәртөк ауданы ПБ ЖПҚБ қызметкерлері мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінде Ауған жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына 33 жыл толуына орай "Ауғанның отты жылдары" атты кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ауған оқиғасының тарихи мағыналық ақиқатын ашу.

Кездесуге Ауғанстан соғысының ардагері Өтегенов Қиас Клышбаевич, Аудандық білім бөлімінің әдіскері Абдрахманов Ертөс Маженұлы және Мәртөк ауданының қорғаныс бөлімінің жасақтау топ бастығы капитан Иманғали Қуаныш қатысты. Аталған мектептің 2005 жылы туған ер азаматтарына әскерге шақыру учаскесіне тіркеу куәлігін салтанатты түрде табысталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай 8 «А», 8 «Ә» класс оқушылар арасында әдеби сағат өткізілді.

«Аңсар» ақпараттық талдау орталығы дін істері жөніндегі ақпараттық түсіндіру тобы 10-11 класс оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында теолог маман Асанов Нурлан Адилханович қоғамымызға жат – деструктивті діни ағымның сипаты және қауіптілігі турасында сөз қозғады. Мәртөк аудандық «Ықылас» мешітінің имамы Ералин Зарлық Аманұлы оқушылардың сауалдарына толық жауап берді. Сондай-ақ оқушыларға мұсылман адамның бойындағы әдептер, ата-ананы сыйлау, ұстаздарды құрметтеу, Отанды сүю секілді жақсы мінез-құлыққа ие болу жайында айтты. Кездесу соңында ақпараттық түсіндірме парақшалар таратылды.

Мәртөк аудандық ауруханасының салауатты өмір салтын қалыптастыру дәрігері Д.Абдикалиев жасөспірімдер арасында ішінде сұйықтығы бар шегуге арналған электронды құрылғыны, яғни бір реттік вейптің денсаулыққа зияны туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

14 наурыз - Амал мерекесімен тұспа-тұс келген «Эстетика - бар сұлулық бастауы» атты Эстетика және спорт бірлестігінің апталығының ашылу салтанаты өтті. Жұмыс басталардың алдында келушілерді қазақтың ұлттық аспаптарымен ән шырқап, ұлттық тағамдармен қарсы алып, көрісу, бата беру сияқты салт-дәстүрлерін көрсетті. Оқушыларға

мектеп ауласында әзірленген наурыз көже мен ыстық бауырсақ таратылды. Ұлттық ойындар ойнатылды.

8-11 класс қыз балалары арасында "Мектеп аруы-2022" байқауы өткізілді. Мақсаты - қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере отырып, олардың бойында қарапайымдылық, әдемілік, инабаттылығын, парасаттылығын осы байқау арқылы көрсету. Қазақ халқының төл мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрін дәріптеу. Байқауда 5 кезең бойынша бақ сынады. Атап айтқанда, "Мен қазақтың қызымын", "Қыз еркем - өнерімен көркем", "Зерделінің ойы озық", "Жас аспаз", "Сұлулық сыры". Қыздардың суреті @4_mjobbm парақшасында жүктеліп, дауыс жинау нәтижесінде "Көрермен көзайымы" номинациясымен Ахметова Акмарал марапатталды.

Қазылардың шешімі бойынша Бас жүлде - 10 "Ә" класс Мұқашева Аружан;

I орын - 9 "Ә" класс оқушысы Шроо Марина;

II орын - 11 "Ә" класс оқушысы Ахметова Акмарал;

III орын - 11 "А" класс оқушысы Жұмағалиева Айжан ие болды.

Барлық қатысушыларға сыйлықтар, орын алғандарға 5000 теңгенің сертификаты, Бас жүлдеге 10 000 теңгенің сертификаты табысталды және Ақтөбе облысы жастар мен балалар ұйымының қауымдастығы ЗТБ-нің ұйымдастыруымен облыс көлемінде мектеп оқушылары арасында өтетін "Мектеп аруы-2022" байқауына қатысуға жолдама берілді.

1-сәуір күні мектебіміздің зейнеткер ұстазы Таумышев Еркінғали Керейұлының «Дара жол» атты кездесу кеші өтті. Кешке қадірлі ұстаздың жұмыстастары, жолдастары және сыныптасы қатысты. Еркінғали Керейұлының шығармашылығы мен еңбек жолында жүріп өткен жолдары туралы бейнебаян көрсетілді. Кеш қонақтары ағайдың бала кезде қандай болғанын, әріптес кезін еске түсірді. №4 Мәртөк орта мектебінде әлеуметтік педагог қызметін атқарған. Мектеп ұжымы ағайды мерейтойымен құттықтап, естелікке сыйлық табыстады.

“Болашақ бүгіннен басталады!” тақырыбында ТЖККБ ұйымдарындағы педагогикалық мамандықтарды дәріптеу мақсатында кәсіби бағдар беру жұмысы өтті. Шара барысында мектеп түлектеріне облысымыздағы ТЖКББ ұйымдары даярлайтын педагогикалық мамандықтар туралы ақпарат беріліп, түлектердің қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсыру реттілігі, тәртібі туралы сөз етілді. Сондай-ақ шараға қатысушылар облысымыздағы 42 колледждің мамандықтары туралы “Мамандықтар навигаторы” порталы арқылы қосымша ақпарат алу мүмкіндігі, шәкіртақы мөлшері, жатақхана, жұмысқа орналасу көрсеткіштерімен танысты. Іс-шара соңында орталықтың психологиялық-әлеуметтік қолдау бөлімінің психолог әдіскері Нурбакыт Жанбырбаевна “Psy time” тақырыбында тренинг ұйымдастырып, оқушылардың педагогикалық мамандыққа бейімділігін бағалай алды. Ашық диалог алаңында мектеп түлектерінің мамандықтар бойынша сұрақтарына жауап беріліп, шара қорытындыланды.

11-17 мамыр аралығында өтіп жатқан “Өрт қауіпсіздігі” және “Су қауіпсіздігі” апталығы аясында 4-класс оқушыларына “Ормандағы өртті қалай болдырмауға болады?”, “Өрт кезіндегі әрекеттер”, “Үйдегі өрт қауіпсіздігі ережелері” тақырыптарында бейнеролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мамырдың 18-күні мектеп кітапханасында ҚР-ның мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына орай «Ел рәміздері - ел рухы» атты интеллектуалды ойын өткізілді. Іс-шараға оқу-далалық жиынға қатысатын 10-класс оқушылары қатысты. Мақсаты: Оқушылардың білімдерін кеңейту, патриоттық сезімін тәрбиелеу, белсенділігін арттыру.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Оқушылардың танымдық, спорттық, шығармашылық қабілеттерін дамыту және қызығушылықтарын ояту мақсатында 11 үйірме жасады. Үйірмеге барлығы 171 оқушы, оның ішінде сәндік қолданбалы – 42, жаратылыстану-математикалық – 37 және басқа бағыт бойынша 92 оқушы қатысты. Спорттық секцияларға барлығы – 92 оқушы қамтылды. Оның ішінде волейбол – 28, баскетбол – 15, футбол – 20, шаңғы тебу – 10, ұлттық ойындар – 9 және шахматқа – 10 оқушы тартылды.

Оқушы компоненті есебінен жүргізілген үйірмелер, жеке және топтық сабақтар

№	Сыныбы	Тақырыбы
1	3 «А»	Жас шеберлер
2	3 «Ә»	Шебер қолдар
3	4 «А»	Қызықты математика
4	4 «Ә»	Қызықты математика
5	10 «Ә»	Тоғызқұмалақ
6	11 «А»	Жас сарбаз
7	11 «А»	Шахмат
8	11 «Ә»	Жас сарбаз
9	11 «Ә»	Тоғызқұмалақ
10	11 «Б»	Баскетбол
11	11 «Б»	Футбол

2021-2022 оқу жылында барлық оқушылар саны – 418. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Халықаралық, республикалық – 3%

Облыстық – 13%

Аудандық – 2%

2021-2022 оқу жылы

№	Оқушылардың аты-жөні	Класы	Мазмұны	Жүлде
Халықаралық				
1	Шикалова Ақниет	9 «Ә»	Нұр-Сұлтан қаласында «Алаш өнер орталығының» ұйымдастыруымен өткізілген Халықаралық «Alash star» өнер байқауының вокал номинациясы бойынша	Бас жүлде
2	Ахметова Акмарал	11 «А»	Нұр-Сұлтан қаласында «Алаш өнер орталығының» ұйымдастыруымен өткізілген Халықаралық «Alash star» өнер байқауының вокал номинациясы бойынша	I
3	Дженгисов Еркебұлан	8 «Ә»	Ақтөбе қаласында өткен бокстан 2007-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы В.И.Аносовты еске алуға арналған Халықаралық турнир	III
Республикалық				
1	Мақсат Ералы	6 «Ә»	Қостанай облысы, Жетіқара қаласында өткен еркін күрестен Кеңес Одағының батыры Е.А.Хачинді еске алуға арналған республикалық турнир	I

2	Мақсат Ералы	6 «Ә»	Еркін күрестен Нағашыбай Достан Абайұлын еске алуға арналған республикалық турнир	I
3	Файзуллаева Нұржанат	5 «Ә»	Орал қаласында өткен «Атадан мұра» қоғамдық қоры ұйымдастырған Республикалық «ART BAҮТЕРЕК» байқауының эстрадалық вокал номинациясы	Бас жүлде
4	Шикалова Ақниет	9 «Ә»	Орал қаласында өткен «Атадан мұра» қоғамдық қоры ұйымдастырған Республикалық «ART BAҮТЕРЕК» байқауының эстрадалық вокал номинациясы	Бас жүлде
5	Ахметова Ақмарал	11 «Ә»	Орал қаласында өткен «Атадан мұра» қоғамдық қоры ұйымдастырған Республикалық «ART BAҮТЕРЕК» байқауының эстрадалық вокал номинациясы	I
6	Шроо Марина	9 «Ә»	Орал қаласында өткен «Атадан мұра» қоғамдық қоры ұйымдастырған Республикалық «ART BAҮТЕРЕК» байқауының эстрадалық вокал номинациясы	II
7	Мырзалы Дәулет	9 «Ә»	Әйтеке би ауданында өткен қазақ күресінен 2005-2007 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының жүлдегері, талантты палуан Ғалымжан Байниязовты еске алуға арналған республикалық турнир	I
8	Тынашев Еркебұлан	9 «Ә»	Әйтеке би ауданында өткен қазақ күресінен 2005-2007 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының жүлдегері, талантты палуан Ғалымжан Байниязовты еске алуға арналған республикалық турнир	III
9	Тынашев Темірлан	11 «Б»	Әйтеке би ауданында өткен қазақ күресінен 2005-2007 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының жүлдегері, талантты палуан Ғалымжан Байниязовты еске алуға арналған республикалық турнир	III
10	Мұратбай Бақытжан	6 «Ә»	Алматы қаласында өткен дзюдодан 2006-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы спорт ардагері Р.Сүйіндіковты еске алуға арналған республикалық турнир	II
11	Сағындық Диас	8 «Ә»	Талдықорған қаласында өткен дзюдо күресінен Ауыл жасөспірімдерінің IV Жазғы ойындары	II
Облыстық				
1	Шроо Марина	9 «Ә»	5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тіл мерейі, ел мерейі» атты өзге ұлт өкілдері арасында өткен байқау	II
2	Сағындық Диас	8 «Ә»	Қазақ күресінен 2007-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе қаласының ашық біріншілігі	II
3	Мырзалы Дәулет	9 «Ә»	Қазақ күресінен 2007-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе қаласының ашық біріншілігі	III
4	Базарбаев Нұрхат	5 «Ә»	Бокстан 2010-2011 ж.т. кіші жасөспірімдер арасындағы «Балалар жылы» бағдарламасы аясындағы №2 ОМБЖСМ біріншілігі	II
5	Аманжолов	8 «А»	Байғанин ауданында өткен еркін күрестен	I

	Бексұлтан		2008-2010 ж.т. кіші жасөспірімдер арасында Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері Т.Жазымовты еске алуға арналған дәстүрлі облыстық турнир	
6	Аманжолов Бексұлтан	8 «А»	Еркін күрестен 2008-2010 ж.т. кіші жасөспірімдер арасында Бірғыз ауданы әкімінің жұлдесіне арналған облыстық турнир	I
7	Жақсылықов Серікзат	7 «Ә»	Еркін күрестен 2008-2010 ж.т. кіші жасөспірімдер арасында Бірғыз ауданы әкімінің жұлдесіне арналған облыстық турнир	II
8	Тынашев Темірлан	11 «Б»	Бірғыз ауданында өткен қазақ күресінен жастар, жасөспірімдер және кіші жасөспірімдер арасындағы «Жас Барыс» Республикалық турниріне Ақтөбе облысы бойынша іріктеу жарысы	I
9	Мырзалы Дәулет	9 «Ә»	Бірғыз ауданында өткен қазақ күресінен жастар, жасөспірімдер және кіші жасөспірімдер арасындағы «Жас Барыс» Республикалық турниріне Ақтөбе облысы бойынша іріктеу жарысы	III
10	Орынбай Бегарыс	8 «Ә»	Бірғыз ауданында өткен қазақ күресінен жастар, жасөспірімдер және кіші жасөспірімдер арасындағы «Жас Барыс» Республикалық турниріне Ақтөбе облысы бойынша іріктеу жарысы	III
11	Тынашев Еркебұлан	9 «Ә»	Бірғыз ауданында өткен қазақ күресінен жастар, жасөспірімдер және кіші жасөспірімдер арасындағы «Жас Барыс» Республикалық турниріне Ақтөбе облысы бойынша іріктеу жарысы	III
12	Мақсат Ералы	6 «Ә»	Еркін күрестен 2009-2010 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	II
13	Мақсат Ералы	6 «Ә»	Қобда ауданында өткен еркін күрестен кіші жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Бақдаулет Өрбісініовты еске алуға арналған облыстық ашық турнир	II
14	Мұратбай Батырхан	6 «Ә»	Қандыағаш қаласында өткен дзюдодан 2007-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы Ауған соғысында және одан кейін қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған облыстық турнир	III
15	Аманжолов Ерсұлтан	3 «Ә»	Хромтау ауданы, Көктау ауылында өткен қазақ күресінен кіші жасөспірімдер арасындағы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған облыстық турнир	III
16	Серикбаев Нурасыл	5 «А»	Хромтау ауданы, Көктау ауылында өткен қазақ күресінен кіші жасөспірімдер арасындағы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған облыстық турнир	III
17	Абдалов Ерасыл	3 «Ә»	Ақтөбе қаласында өткен бокстан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30	I

			жылдығына арналған жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	
18	Джайтурган Ғалымжан	6 «А»	Ақтөбе қаласында өткен бокстан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	II
19	Кауменов Жәлел	6 «Ә»	Ақтөбе қаласында өткен бокстан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	II
20	Базарбай Нурхат	5 «Ә»	Ақтөбе қаласында өткен бокстан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	II
21	Тынашев Темірлан	11 «Б»	Ақтөбе қаласында өткен дзюдо күресінен 2005-2007 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысының чемпионы	II
22	Мырзалы Дәулет	9 «Ә»	Қазақ күресінен 2007-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы Рухани жаңғыру бағдарламасының 5 жылдығына және Қазақстан Республикасының Рәміздерінің 30 жылдығына арналған III Дәстүрлі "Мәртөк ауданы әкімінің жүлдесі" облыстық ашық турнирі	I
23	Сағындық Диас	8 «Ә»	Қазақ күресінен 2007-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы Рухани жаңғыру бағдарламасының 5 жылдығына және Қазақстан Республикасының Рәміздерінің 30 жылдығына арналған III Дәстүрлі "Мәртөк ауданы әкімінің жүлдесі" облыстық ашық турнирі	II
24	Аманжолов Бексұлтан	8 «А»	Еркін күрестен 2007-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысының чемпионаты	III
25	Мырзалы Дәулет	9 «Ә»	Ұлттық спорт мектебінің негізін қалаушы, самбо күресінен ҚР Спорт шебері Маймақов Жомарт Төлеуұлының зейнеткерлік жасқа толуына орай өткен қазақ күресінен 2007-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық ашық турнир	I
26	Аманжолов Нұрсұлтан	6 «А»	ҚР құрметті спорт қайраткері, ҚР спорт шебері Дүсіп Сағынбай Бағдәулетұлының 63 жас мерейтойына арналған еркін күрестен 2010-2011 ж.т. кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	III
27	Базарбай Нурхат	5 «Ә»	"Балалар жылы" бағдарламасы аясында өткізілген бокстан 2010-2011 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	II
28	Джайтурган Ғалымжан	6 «А»	"Балалар жылы" бағдарламасы аясында өткізілген бокстан 2010-2011 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	III

29	Сағындық Диас	8 «Ә»	Қазақ күресінен кіші жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысының чемпионы	II
30	Джайтұрған Әлімжан	2 «А»	8 - Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған бокстан 2012-2014 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	II
31	Ахметов Харун	2 «А»	8 - Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған бокстан 2012-2014 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	II
32	Ахметов Харун	2 «А»	Бокстан 2012-2013 ж.т. кіші жасөспірімдер арасындағы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған №2 ОМБЖСМ біріншілігі	II
33	Дженгисов Еркебұлан	8 «Ә»	Ақтөбе қаласында өткен бокстан 2007-2008 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	I
34	Аманжолов Бексұлтан	8 «А»	Еркін күрестен Байғанин ауданында өткен 2007-2009, 2010-2012 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	II
35	Мақсат Ералы	6 «Ә»	Еркін күрестен Байғанин ауданында өткен 2007-2009, 2010-2012 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	III
36	Сағындық Диас	8 «Ә»	Дзюдодан Ауған соғысының ардагері интернационалист жауынгер Ж.Р.Тажыгуловты еске алуға және Есет Көтібарұлы 355 жылдығына арналған 2007-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир	I
37	Джайтурған Әлімжан	2 «А»	Бокстан жасөспірімдер арасындағы Есет Көтібарұлының 355 жылдығына және Балалар жылына арналған облыстық турнир	III
38	Кубенов Ұлан	2 «Ә»	Бокстан жасөспірімдер арасындағы Есет Көтібарұлының 355 жылдығына және Балалар жылына арналған облыстық турнир	II
39	Ахметов Мансур	2 «А»	Бокстан жасөспірімдер арасындағы Есет Көтібарұлының 355 жылдығына және Балалар жылына арналған облыстық турнир	III
40	Абдалов Ерасыл	3 «Ә»	Бокстан жасөспірімдер арасындағы Есет Көтібарұлының 355 жылдығына және Балалар жылына арналған облыстық турнир	I
41	Жумабаев Нурасыл	3 «А»	Бокстан жасөспірімдер арасындағы Есет Көтібарұлының 355 жылдығына және Балалар жылына арналған облыстық турнир	III
42	Нұрмағанбетов Бексұлтан	7 «Ә»	Бокстан жасөспірімдер арасындағы Есет Көтібарұлының 355 жылдығына және Балалар жылына арналған облыстық турнир	III
43	Дженгисов Еркебулан	8 «Ә»	Бокстан жасөспірімдер арасындағы Есет Көтібарұлының 355 жылдығына және Балалар жылына арналған облыстық турнир	I
44	Ерғали Шынболат	9 «А»	Бокстан жасөспірімдер арасындағы Есет Көтібарұлының 355 жылдығына және Балалар жылына арналған облыстық турнир	I
45	Мырзалы Дәулет	9 «Ә»	Ақтау қаласында өткен қазақ күресінен кіші	III

			жасөспірімдер арасындағы Ауған соғысының ардагері С.Алиевты еске алуға арналған VII Республикалық турнир	
46	Сағындық Диас	8 «Ә»	Ақтау қаласында өткен қазақ күресінен кіші жасөспірімдер арасындағы Ауған соғысының ардагері С.Алиевты еске алуға арналған VII Республикалық турнир	III
47	Раушанов Манас	11 «Ә»	Қазақ күресінен 2002-2004 жылы туылған жастар арасындағы Ақтөбе облысының чемпионы	III
48	Шикалова Ақниет	9 «Ә»	Республикалық Абай оқуларының облыстық кезеңінің «Көңілім әнді ұғады» бағыты бойынша	I
49	Раушанов Манас	11 «Б»	Қазақ күресінен 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы Ақтөбе облысының чемпионатында	I
50	Жақсылықов Серікзат	7 «Ә»	Хромтау қаласында өткен еркін күрестен 2008-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы Дон тау-кен байыту комбинатының жүлдесіне арналған облыстық турнир	II
51	Мұратбай Бақытжан	6 «Ә»	БҚО, Теректі ауданында өткен дзюдо күресінен 2008-2009 жылы туылған кіші жасөспірімдер арасындағы ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қ.Ш.Искаковтың жүлдесіне арналған БҚО ашық турнирі	III
52	Сағындық Диас	8 «Ә»	Ақтөбе қаласында өткен дзюдо күресінен облыс чемпионаты	II
53	Аманжолов Бексұлтан	8 «А»	Еркін күрестен 2008-2010 ж.т. жасөспірімдер арасындағы ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы СССР Студент біріншілігінің жеңімпазы, ҚР біріншілігінің жеңімпазы Саванаев Құсман Мұсағалиұлының 66 жас мерейтойы құрметіне ұйымдастырылған ашық облыстық турнир	I
54	Мақсат Ералы	6 «Ә»	Еркін күрестен 2008-2010 ж.т. жасөспірімдер арасындағы ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы СССР Студент біріншілігінің жеңімпазы, ҚР біріншілігінің жеңімпазы Саванаев Құсман Мұсағалиұлының 66 жас мерейтойы құрметіне ұйымдастырылған ашық облыстық турнир	III
Аудандық				
1	Аманова Ақтолқын	7 «Ә»	Мәртөк аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халық ақыны, айтыскер, жырау Нұрпейіс Байғаниннің шығармашылық байқауы	II
2	Кузембаев Даурен	10 «А»	ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған шахмат ойыны	I
3	Кузембаев Даурен	10 «А»	Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында аудандық Sport Fest Kazakhstan Спартакиадасында шахмат ойынынан	II
4	Үсенбаев Арсен	11 «»	Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында аудандық Sport Fest Kazakhstan	I

			Спартакиадасында қолданбалы спорт түрлері жарысынан	
5	Пашенбаев Бахытжан	8 «А»	Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында аудандық Sport Fest Kazakhstan Спартакиадасында тоғызкүмалақ жарысынан	I
6	Қостаев Нұрасыл	8 «А»	Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында аудандық Sport Fest Kazakhstan Спартакиадасында тоғызкүмалақ жарысынан	III
7	Абдалов Ерасыл	3 «А»	ҚР Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай өткізілген 2012-2013 жылғы жасөспірімдер арасындағы Мәртөк БЖСМ ашық біріншілігі	I
8	Байқараев Жақсат	10 «А»	Аудандық «Жас суретші-2021» байқауы	II
9	Раушанов Манас	11 «Ә»	Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай қазақ күресінен «Мәртөк Барысы» турнирі	I

б) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейі);

2021-2022 оқу жылында оқушылардың таңдауы бойынша 10 «А», 11 «А», «Ә» жаратылыстану бағыты, 10 «Ә», 11 «Б» сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылды.

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

№ 4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі бойынша инклюзивті оқытылатын оқушылар 2021 - 2022 оқу жылы

№	Оқушының аты - жөні	Туған жылы	Класс	Облыстық ПМПК қорытындысы	Оқыту ж/е тәрбиелеу, түзеу-пед.қолдау бойынша ұсынымдар
1.	Утегенова Нышан Қаржаубайқызы	05.12.2004	11 «А»	№ 19266. Берілген күні: 15.09.2020ж.	Инклюзивное обучение по общеобразовательной учебной программе с индивидуальным подходом. Психолого-педагогическое сопровождение в школе. Занятие с психологом, логопедом.
2.	Жантекей Харажан Ақжол	14.07.2008.	8 «Ә»	№ 19216. Берілген күні: 15.08.2020ж.	Инклюзивное обучение по индивидуальной учебной программе и индивидуальному учебному плану для детей с и/о. Занятие с с дефектологом по коррекции познавательной деятельности.
3.	Назарбай Сүндет Маратұлы	18.11.2012	3 «Ә»	№ 19273 Берілген күні: 15.09.2020ж.	Инклюзивное обучение по общеобразовательной учебной программе с индивидуальным подходом. Психолого-педагогическое сопровождение в школе. Занятие с логопедом, психологом.

4.	Қобыланды Жанель Русланқызы	25.06.2 013	2 «Ә»	№ 21620 Берілген күні:17.08.2021ж.	Инклюзивное обучение по общ.уч.прог.2 класса.С индивидуальным подходом по индивидуальному учебному плану.Психолого-пед.сопровождение в школе занятия с дефектологом,логопедом,психологом.Инд ивидуальный подход и вариативности в обучение и в оценке учебных достижений.
----	--------------------------------	----------------	-------	--	--

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

2021-2022 оқу жылында ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру үшін вариативтік компонент есебінен курстар өткізілді. 9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- 9-11-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі

№ 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламаларымен жүзеге асырылады:

-10-сыныпта аптасына 1 сағат, жылына барлығы 34 сағат, қосымша вариативтік компонент есебінен «Алғашқы әскери дайындық» пәніне далалық оқу жиынын өтуге берілді.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

Мектеп компоненті есебінен таңдау, элективті курстары жүргізілді.

Вариативтік компонент арқылы жүзеге асады:

Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

3«А» класында «Жас шеберлер», 3 «Ә» класында «Шебер қолдар», 4 А,4 Ә кластарына «Қызықты математика» аптасына 1 сағаттан үйірмелерін өткізуге берілді.

Класс	Тақырыбы	Сағат саны		Мақсаты
		апталық	жылдық	
1 «А»	Қозғалмалы ойындардың әдіс тәсілдерін үйрету	1	34	Ойынның ережесімен таныстыру, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережесін сақтау.
1 «Ә»	Ұлттық ойындар	1	34	Оқушылардың дене қабілеттерін шыңдау.
2 «А»	«Ұлттық спорт түрлері»	1	34	Оқушылар арасында ұлттық спорт түрлерін насихаттау және дамыту.

2 «Ә»	Қазақтың ұлттық ойындары	1	34	Қазақтың ұлттық ойындары арқылы оқушыларға қазақтың салт-дәстүрін дәріптеу.
3 «А»	«Ұлттық спорт түрлері»	1	34	Оқушылар арасында ұлттық спорт түрлерін насихаттау және дамыту.
3 «А»	«Жас шеберлер»	1	34	Оқушыларды қолөнерге баулу, шығармашылық белсенділіктерін арттыру.
3 «Ә»	«Шебер қолдар»	1	34	Ұлттық өнерге тән ерекшеліктермен, айналадағы ортамен тығыз байланыстыру
3 «Ә»	Ұлттық ойындар	1	34	Оқушылар арасында ұлттық спорт түрлерін насихаттау және дамыту.
4 «А»	Қозғалмалы ойындардың әдіс тәсілдерін үйрету	1	34	Ойынның ережесімен таныстыру, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережесін сақтау.
	« Қызықты математика»	1	34	Оқушылардың танымдық, логикалық ойлауын қалыптастыру.
4 «Ә»	Қозғалмалы ойындар	1	34	Оқушылардың қозғалмалы ойындарға қызығушылықтарын арттыру.
	« Қызықты математика»	1	34	Оқушылардың,логикалық ойлауды қалыптастыру.

Вариативті оқу жүктемесі есебінен таңдау және элективті курстар:

Класс	Тақырыбы	Сағат саны		Мақсаты
		апталық	Жылдық	
5 А	«Футбол»	1	34	Оқушылардың футбол ойынына қызығушылықтарын арттыру, спорттық сайыстарды насихаттау.
	«Парасаттылық және әдеп»	1	34	Оқушылардың әдеп пен мәдениетінің негізін қалау және концептуалды тұрақты, позитивті бағдарланған және белсенді өмірлік ұстанымды тұлғаның дамуына ықпал ету.
5 Ә	«Баскетбол»	1	34	Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, қабілетті балалармен жекелеген ойындар ұйымдастыру және жарыстарға қатыстыру.
	«Парасаттылық және әдеп»	1	34	Оқушылардың әдеп пен мәдениетінің негізін қалау және концептуалды тұрақты, позитивті бағдарланған және белсенді өмірлік ұстанымды тұлғаның дамуына ықпал ету.

6 А	«Баскетбол»	1	34	Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, қабілетті балалармен жекелеген ойындар ұйымдастыру және жарыстарға қатыстыру.
	«Экология»	1	34	Қоршаған орта мен табиғат, жергілікті жердің экологиясы мен өсімдіктерін, жануарларын, жан-жақты қарастыру негізінде ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру.
	«Өлкетану»	1	34	Оқушылардың туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, табиғи және басқа да факторлар туралы білімдерін қалыптастыру, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу.
6 Ә	«Пионербол»	1	34	Пионерболдың әдіс-тәсілдерін үйрету.
	«Экология»	1	34	Қоршаған орта мен табиғат, жергілікті жердің экологиясы мен өсімдіктерін, жануарларын, жан-жақты қарастыру негізінде ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру.
	«Өлкетану»	1	34	Оқушылардың туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, табиғи және басқа да факторлар туралы білімдерін қалыптастыру, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу.
7 А	«Волейбол»	1	34	Оқушыларды волейбол ойынына шынғау, осы ойынның әдіс-тәсілдерін үйрету.
	«География әлемі»	2	68	Оқушыларға географиялық білім беру, қоршаған ортаны қорғауға, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.
	«Биология әлемі»	2	68	Оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын дамыту.
	«Физикадан есептер шығару практикумы»	2	68	Физикалық білімдерін есептерді шығаруға, физикалық мағынасы бар жаңа ақпаратта өз бетімен ізденіп, бағалауға үйрету.
7 Ә	«Волейбол»	1	34	Оқушыларға волейбол ойынының ережесін нақты жеткізу.
	«Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу»	2	68	Математикалық ой-өрісін, танымын кеңейту. Жалпы логикалық – ойлау мәдениетін дамыта отырып, оқушының математикаға деген қызығушылығын арттыру.
	«Әлемдік география»	2	68	Әлемдік география курсы оқушыларға географиялық білім беру, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге

				үйрету
	«Физикадан есептер шығару практикумы»	2	68	Физикалық білімдерін есептерді шығаруға, физикалық мағынасы бар жаңа ақпаратта өз бетімен ізденіп, бағалауға үйрету.
8 А	«Футбол»	1	34	Оқушылардың футбол ойынына қызығушылығын арттыру және футбол ойынының техникасын жетілдіру.
	«Пікірсайыс технологиясы-заман талабы»	1	34	Пікірсайыс технологиясы бойынша мектеп бағдарламасының негізгі және өзекті мәселелерін есте сақтап, оқушыларды өз бетімен жұмыс жасатуға дағдыландыру.
	«Физикадан эксперименттік есептер шығару»	2	68	Физикаға қызығушылығы бар оқушыларға физика қысымының негізгі әдістерімен және басқада эксперименттік дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.
	«Жалпы химия»	2	68	Оқушыларға бейорганикалық химия тарауындағы қосылыстар және генетикалық байланыстарын түсіндіру.
	«Биология әлемі»	2	68	Оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын дамыту.
8 Ә	«Волейбол»	1	34	Волейбол ойының әдіс-тәсілін үйрету.
	«Пікірсайыс технологиясы-заман талабы»	1	34	Пікірсайыс технологиясы бойынша мектеп бағдарламасының негізгі және өзекті мәселелерін есте сақтап, оқушыларды өз бетімен жұмыс жасатуға дағдыландыру.
	«Қазақстанның көне қалаларының тарихы»	2	68	Оқушыларды түрлі тарихи құжаттарды жан-жақты талдай білуге, өз ой-пікірін ашық айтуға үйрету, оқушылардың ой-өрісін дамыту.
	«Мазмұнды есептер»	2	68	Математикалық білімді өмірмен тығыз байланыстыра отырып, мектепте алған білімдерін еңбек пен іс-әрекеттерінде қолдана білуге үйрету.
	Физикадан эксперименттік есептер шығару»	2	68	Физикаға қызығушылығы бар оқушыларға физика қысымының негізгі әдістерімен және басқада эксперименттік дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.
9 А	«Волейбол»	1	34	Өз бетінше шешім қабылдай алатын жеке тұлға қалыптастыру.

	«Зайырлылық және дінтану негіздері»	1	34	Білім алушыларды зайырлылық қағидатын құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығын басты фактор ретінде қабылдауға дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету.
	«Абайтану»	1	34	Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан – жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт – дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.
	Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу олардың жүйелерін шешу	2	68	Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуәдістерін қолданубарысында танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттау.
	«Әлемдік география»	2	68	Әлемдік география курсы оқушыларға географиялық білім беру, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету
	«Қызықты биология»	2	68	Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну, эволюция туралы білім жүйесін қалыптастыру.
9 Ә	«Волейбол»	1	34	Волейбол ойының әдіс-тәсілін үйрету.
	«Зайырлылық және дінтану негіздері»	1	34	Білім алушыларды зайырлылық қағидатын құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығын басты фактор ретінде қабылдауға дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету.
	«Абайтану»	1	34	Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан – жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт – дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.
	«Математика есептерін шығару»	2	68	Оқушыларда негізгі формуланы қолдана білу білім және білік дағдыларын қалыптастыру.
	« Әлемдік география»	2	68	Әлемдік география курсы оқушыларға географиялық білім беру, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету
	«Қазақ елінің тарихы»	2	68	Оқушылар бойына патриоттық-азаматтық құндылықтарды дарыту. Шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру.
10А	«Абайтану»	1	34	Ұлы ақын шығармалары арқылы елжанды, ұлттық идеологияны бойына сіңірген, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт – дәстүрін,

				мәдениетін, тілін бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары тұлға қалыптастыру.
	«Күрделі есептер шығару»	1	34	Физика мектеп курсындағы негізгі бөлімдері бойынша берілген тақырыптарға ауқымды түрде есептер шығарту, оқушылардың білімдерін, негізгі физикалық заңдылықтарын үйрету.
	«Химиядан есептер шығару»	1	34	Химия ғылымының негізін меңгерту, теориялық білімді есептер шығару, жаттығулар орындау арқылы пысықтау;
	«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»	1	34	Оқушылардың бизнеске және кәсіпкерлікке ойлау қабілетін дамыту.
10 Ә	«Абайтану»	1	34	Ұлы ақын шығармалары арқылы елжанды, ұлттық идеологияны бойына сіңірген, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт – дәстүрін, мәдениетін, тілін бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары тұлға қалыптастыру.
	«Әлемдік география»	1	34	Әлемдік география курсы оқушыларға географиялық білім беру, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету
	«Тарихи тұлғалар»	1	34	Тарихи тұлғалардың біздің Отанымыздың дамуына қосқан зор үлесінің маңыздылығын білуге үйрету;
	«Механика негіздері»	1	34	Механика туралы толық мағлұмат беру ,зерттеу арқылы білімдерін тереңдету. Өз ой мен пікірін еркін жеткізе алатын, еңбек сүйгіш, салауатты, жаңаны игеретін,өмірге бейімді, дара тұлғаны тәрбиелеу.
	«Адам және экология»	1	34	Табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету .Әр оқушыға экологиялық білімді қалыптастыру.
	«Химиядан есептер шығару»	1	34	Оқушыларды оқу тәрбие процесі арқылы оқушыларды терең білім берумен қатар танымдық және эксперименттік есептер шығаруға дағдыландыру.
	«Тоғызқұмалақ»	1	34	Тоғызқұмалақ ойынын игеру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.
	«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»	1	34	Оқушылардың бизнеске және кәсіпкерлікке ойлау қабілетін дамыту.

11 - кластарда инварианттық оқу жүктемесі 35 сағатты құрайды. 11 «А»,11 «Ә» - кластарда білім алушылар мен ата – аналардың сұранысы бойынша жаратылыстану-

математика, 11 «Б» класы қоғамдық-гуманитарлық оқу бағытын таңдады. Жаратылыстану –математика бағытында 11 «А» класы тереңдетілген химия,биология, стандартты деңгейден дүние жүзі тарихы, 11 «Ә» класы тереңдетілген деңгейден физика,география стандартты деңгейден дүние жүзі тарихы, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11 «Б» класының білім алушылары тереңдетілген деңгейдегі дүние жүзі тарихы, география, стандартты деңгейдегі физика пәніне таңдау жасады. Жеке және топтық сабақтар 11 «А» класқа міндетті және тереңдетілген пәндер бойынша таңдау курсы жүргізуге 8 сағаттан жүктелді. 11 «Ә» класына міндетті және тереңдетілген пәндер бойынша таңдау курсы жүргізуге 8 сағаттан , 11 «Б» класына міндетті және тереңдетілген пәндер бойынша таңдау курсы жүргізуге 8 сағат жүктелді.

Класс	Тақырыбы	Сағат саны		Мақсаты
		Апталық	Жылдық	
11А	«Абайтану»	1	34	Ұлы ақын шығармалары арқылы елжанды, эстетикалық талғамы жоғары, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана – сезімі қалыптасқан, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.
	«Адам және экология»	1	34	Табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету .Әр оқушыға экологиялық білімді қалыптастыру.
	Елтану	1	34	Болашаққа бағдар рухани жаңғыру идеясын негізге ала отырып,оқушыға адамзат тарихының ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі даму кезеңдерін нақты дерек көздері арқылы жүйелі жеткізу.
	Жас сарбаз	1	34	Мемлекетіміз ҚР-на шын берілген патриоттарды тәрбиелеу.Спорт жөнінен шындалған,шымыр,қайратты, дені сау жастарды даярлау.
	«Волейбол»	1	34	Оқушыларға волейбол ойының техникаларын үйрету.
	«Сөз сыры»	1	34	Оқу курсы менгеру арқылы қазақ тілін жетік менгерген, сөздік қоры бай, заман талабына сай жан-жақты біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу
	«Алгебра және анализ бастамалары»	1	34	Практикалық қызметке пайдалануға, іргелес пәндерді оқып үйренуге, білім алуды жалғастыруға қажетті нақты математикалық білімді менгеруді, математика жайлы түсініктерді қалыптастыру.
	Шахмат	1	34	Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту.
		«Абайтану»	1	34

11 Ә				лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.
	«Футбол»	1	34	Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, қабілетті балалармен жекеленген ойындар ұйымдастыру.
	"Математикалық сауаттылық"	1	34	ҰБТ-дағы берілген тапсырмаларды орындауда оқушылар қиындықты жеңу үшін көмектесу, математикадан білімін тереңдету.
	«Физика есептері және оны шығару тәсілдері»	1	34	Негізгі курс барысында алынған білім, білік дағдыларын жетілдіру.
